

«Б.Хайдаров атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы
Хаттама № 4

Жаңатілек ауылы

«29» желтоқсан 2021 жыл

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. Тарих пәнінің ұстазы уақытша жұмысқа тұруы, тәртібі жөнінде

Қатысқандар:

Мектеп директоры К.А.Бекбаулова
Оқу ісінің меңгерушісі Н.А.Жортуылова
Ауыл әкімі К.Шалбаев
Ауыл ақсакалы Д.Сулейменов
Тарих пәнінің мұғалімі Т.С.Серикбаев
Қамқоршылық кеңесі мүшелері

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры К.А.Бекбаулова сөз алды. Серикбаев Т.С. өткен жылы тарих пәнінің мұғалімі Ахметова Л.М. декреттік демалысқа шығуына байланысты орнына қабылданды және 6 сынып жетекшілігі берілді. Қазан айында сынып жетекшілік жұмысына немқұрайлықпен қарады. Ата – аналардың өтініші негізінде сынып жетекшіліктен босатылды. Бірнеше рет жұмысты босатты, ауырып жатырмын деп. 2021 жылы біліктілік санатын қорғап, 5 қаңтардан бастап жұмысқа келмеді. Оқушылармен онлайн жұмыс жасамайды. Күнделікті өзіміз толтырып жүрдік. Кезекшілік кестесі бойынша кезекшілікке келмеді. Бірінші ескерту 26 қазан 2020жылы сыныпқа қарамаған жөнінде. 10 қаңтар жұмысқа шақыртылды, келмеді, сөгіс жарияланған туралы айтылды 13қаңтар кезекшілікке келмеген үшін сөгіс. 14 қаңтар күні қатан сөгіс жарияланды.. 14 қаңтар айында өз еркімен жұмыстан шығу жөнінде өтініш жазды. 15 қаңтар күні Серикбаевтің өтініші негізінде бұйрық шығарылды. Негізгі бұйрықта Ахметова Л.М. орнына жұмысқа тұрды, декреттік демалыстан кейін өз орнына шыққан күні Серикбаев Т.С.орнын босатуы керек. 4 баласы бар ананы жұмыстан шығаруым керек пе? Не жасауым керек? Сол мәселе бойынша сіздерді жинап отырмын, ақыл кеңестеріңіз?

Ауыл ақсакалы Д.Сулейменов сөз алды: мектеп ұжымымен жиналыс ашып, үлкен ұстаздармен ақылдасып, жұмыс жасау керек еді. Заң бойынша уақытша орнына отырсын. Ахметова Л.М. келген соң орнын ала алмайсын. Протоколға енгізіңіздер.

Мектеп директоры К.А.Бекбаулова: Ахметова Л.М. жұмысқа шыққан күні Серикбаев Т.С. жұмыстан шығады. Қайтадан жұмысқа қабылдауым керек. 3 ай уақытта 2 сағат беремін егер келіссе, келіспесе келісім шартпен аламын.

Серикбаев Т.С. сөз алды: мойындаймын, наркологқа емге бардым. Ыңғайсыз жағдай тудырғаным үшін кешірім сұраймын. Павлодар қаласына профкомға бардым, бірақ мектеп директорына ұжымға шағым айтқан жоқпын. Мектеп директорының маған жала жапқан жері жоқ. 2 сағатпен оқу жылын аяқтаймын. Бір мүмкіндік берсеңіздер деп сұраймын.

Ауыл әкімі Шалбаев К.К сөз алды: Серикбаев Т.С.-ке сенбеймін. Дәреженіз ұстаз деген атыңыз бар. Бірнеше рет ауыл тұрғындары маған келіп ұстаз деген атқа кір келтіріп жүр, балаға қалай үлгі болады, қалай сабақ береді деп шағым айтты. Бұл кісіге кепіл жоқ.

Мектеп директоры К.А.Бекбаулова: 1 ақпаннан бастап 3 айға уақытша жұмысқа қабылдаймын. 1 мамыр күні еңбек демалысына жіберемін. 1 шілде еңбек демалысы аяқталған соң, сол күні келісім шартты бұзамын. Келіссеніз. 3 ай сынақтан ескерту алынса, жұмыстан шығарамын. Аптасына 1 рет кезекшілік, 2 сағат 11 сыныпта дәстүрлі түрде сабақ беріледі. Келісім шарт негізінде өз қолымды қоямын 3 ай уақытша. Құжатты заңдастырдым. Еңбек кітапшанызды алып келіңіз. 1 шілде жұмыстан шығару.

Серикбаев Т.С. сөз алды: Келісемін.

Искаков Б. сөз алды: шығарып алу әкімшілік директор жауапты. Ішімдік ішеді, экспертиза қағазы қайда? Директор ретінде құқығыңыз бар. Участковый қайда қарап отыр. Түсініктеме алу керек.

Касенова М. сөз алды: 5 сыныпта қызымның сынып жетекші ретінде білемін. Ауыл іші болғаннан соң айта алмадым. Ұстаз ретінде көре алмаймын.

Шоланова С.сөз алды: Серикбаев Т.С.-ке ештеңе айта алмаймын. Білімі бар. Сабақты жақсы береді. Жоғары жерде отыратын адам.

Шешім: еңбек келісім шарты жасалсын.

3 айға сынақ мерзімімен уақытша жұмысқа қабылдансын.

Ахметова Л.М. жұмысқа шыққан күні Серикбаев Т.С. жұмыс орнын берсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.Т.Искаков

Хатшы Д.Д.Манзулова